

**Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 қыркүйектегі № 129 "Қамысты ауданының аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 26 наурыздағы № 38 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 28 наурызда № 10408-10 болып тіркелді

Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қамысты ауданы әкімдігінің "Қамысты ауданының аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" 2021 жылғы 27 қыркүйектегі № 129 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24610 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қамысты ауданының әкімі*

*Е. Жаулыбаев*

Әкімдіктің

2025 жылғы "26" наурыздағы

№ 38 қаулысына

қосымша

Әкімдіктің

2021 жылғы 27 қыркүйектегі

№ 129 қаулысына

қосымша

**Қамысты ауданының аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының тізбесі**

--	--	--	--

№	Автомобиль жолының индексі	Автомобиль жолының атауы	Ұзындығы, шақырым
1	2	3	4
1	КР-КМ-1	Дружба ауылына кірме жол	69
2	КР-КМ-2	Арқа ауылына кірме жол	31
3	КР-КМ-3	Фрунзе ауылына кірме жол	36
4	КР-КМ-4	Клочков ауылына кірме жол	9
5	КР-КМ-5	Талдыкөл ауылына кірме жол	33
6	КР-КМ-6	Пушкин ауылына кірме жол	3
7	КР-КМ-7	Красногор ауылына кірме жол	6,9
8	КР-КМ-8	Арқа ауылына кірме жол	1,4
Барлығы			189,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК